



«БІЛІМДЕРДІК КІМДЕРІНІҢ
«Дарын» РЕПОДИРЕКТОРЫ

дә А. Боранбай

2020 жылғы «23» коркүйек

«DARYN ECOART» сурет және көркем қолөнер республикалық экологиялық конкурсын ұйымдастыру және өткізу ЕРЕЖЕЛЕРИ

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Ереже «DARYN ECOART» сурет және көркем қолөнер республикалық экологиялық конкурсын (*бұдан әрі - Конкурс*) ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.
2. Конкурсты жыл сайын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы (*бұдан әрі - «Дарын» РЕПО*) өткізеді.
3. Конкурсты өткізу мерзімі «Дарын» РЕПО бұйрығымен бекітіледі.
4. Конкурстың негізгі мақсаты: қоршаған ортаның сапасын жақсартатын практикалық істерді іске асыру арқылы, білім алушылардың экологиялық бағдарланған мінез-құлқын қалыптастыру, оқушылардың назарын Қазақстан өнірлеріндегі экологиялық проблемаларға аудару, шығармашылық және экологиялық білім беруді дамыту болып табылады.
5. Конкурстың міндеттері:
 - қоршаған ортаны қорғауды насихаттауға қатысуға дарынды балаларды тарту;
 - оқушылардың танымдық қызығушылығын дамыту, ой-өрісін, экология және табиғатты қорғау саласындағы танымдық деңгейін кеңейту;
 - жас үрпақтың шығармашылық қиялын және қабілеттерін ашу.
6. Конкурс екі бағыт бойынша өткізіледі:
 - 1-бағыт: туған өлкенің пейзажы мен табиғаты тақырыбында (5 сурет сериясынан туратын) үздік сурет конкурсы.
 - 2-бағыт: қайта өнделген материалдар мен қалдықтардан және т.б. жасалған ең үздік көркем қолөнер конкурсы.

7. «Дарын» РГПО Конкурсты үйымдастыру және өткізу үшін респубикалық үйымдастыру комитетінің құрамын бекітеді.

8. Үйымдастыру комитеті Конкурстың өткізілуін үйлестіреді және бақылайды.

9. Үйымдастыру комитеті Конкурстың қазылар алқасы құрамын бекітеді.

10. Конкурстың қазылар алқасы құрамына жоғары оқу орындарының, мәдениет және өнер саласының, сондай-ақ ұлттық холдингтер мен компаниялардың, ғылыми орталықтар мен экология саласындағы қоғамдық үйымдардың өкілдері Конкурстың нәтижелері бойынша өздерінің бағалы сыйлықтарын, сертификаттарын және т.б. тағайындау және табыстау құқығымен кіре алады.

Қазылар алқасының құрамы Конкурстың әр бағыты бойынша тақ саннан тұрады.

11. Қазылар алқасы ұсынылған жұмыстарды саралап, критерийлерге сәйкес ұпайларды қорытындылайды және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды.

12. Қазылар алқасы мүшелеріне және үйымдастыру комитетіне арналған критерийлер мен нұсқаулықтарды «Дарын» РГПО әзірлең, бекітеді.

13. Конкурс жеңімпаздары мен жүлдегерлері «Дарын» РГПО-ның I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады. Қатысуышыларға Конкурсқа қатысқандығы үшін сертификаттар табысталады.

14. Жеңімпаздар мен жүлдегерлердің саны әр бағыт бойынша қатысуышылардың жалпы санының 45%-нен аспайды. I, II, III дәрежелі дипломдардың саны келесі пропорциялар негізінде анықталады: жеңімпаздар санының 50% III дәрежелі дипломдармен, 30% II дәрежелі дипломдармен, ал 20% I дәрежелі дипломмен марапатталады.

15. Үйымдастыру комитеті Конкурс нәтижелерін сараптайды және қорытындылайды.

16. Конкурс аяқталғаннан кейін жеңімпаздардың нәтижелері мен жұмыстары «Дарын» РГПО-ның сайтында (www.daryn.kz) жарияланады.

ҰЗДІК СУРЕТ КОНКУРСЫ (5 сурет сериясынан тұрады)

17. Конкурсқа 1-4 сынып оқушылары (6-10 жастағы топ) қатыса алады.
18. Конкурсқа экологиялық тақырыптар, ландшафттар мен табигат, туған жердің қоршаған ортасын сақтау және құрметтеу бойынша жұмыстар жіберіледі.
19. Конкурс келесі номинациялар бойынша өткізіледі:
- 1) «Пейзаж» (*табиғат көрінісін әр қырынан бейнелеу*);
 - 2) «Этюд» (*табиғаттың шағын кескіндеме бейнесі - ағаш, тас және т.б.*);
 - 3) «Менің Отаным» (*еркін тақырып*).
20. Жұмысты орындауға қойылатын талаптар.
- 1) Жұмыс, таңдалған номинация бойынша 5 сурет сериясынан тұруы тиіс. Орындалудың бірізділігін автордың өзі таңдайды. Сурет сериясы дегеніміз – ландшафт немесе табиғаттың әсем көрінісін, оларды біріктіретін жалпы ортақ белгісі бар көріністің немесе заттардың (ағаш, орман, тас т.б.) әр қырынан көбейтіліп бейнеленген түрі.
 - 2) Жұмыс кенепте, қағазда немесе картонда жасалады. Суреттер кез-келген техникада орындалады (акварель, гуашь, пастель, май, тушь және басқа материалдар). Жұмыстарды инновациялық әдістермен жасау тәсілі құпталады.
 - 3) Жұмыстың ең аз мөлшері: 30x40 см-ден, ал ең максималды мөлшері жақтаулармен безендірулерін есепке алмағанда 55x65 см-ден аспауы тиіс.
 - 4) Жұмыстар түпнұсқаны сканерлеу немесе суретке түсіру арқылы, сондай-ақ компьютерлік графикалық редактордың көмегімен орындалған электрондық көшірмелер (графикалық файлдар) түрінде jpg немесе png түрінде қабылданады.
 - 5) Жұмыспен бірге осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес толтырылған сауалнама қоса жіберілуі керек. Сауалнамада келесі мәліметтер міндетті түрде болуы қажет: автордың аты-жөні, жасы, шығарманың атауы, жұмысты орындау техникасы, шығарма мазмұнының түсініктемесі, сонымен қатар сурет салу процесі көрсетілген 5 фотосурет болуы тиіс.
21. Жұмыстар келесі қритерийлерге сай болуы тиіс:
- экологиялық тақырыптың ашылуы;
 - креативтілік және бейнелік шешім;
 - көркемдік шеберлігі және орындау деңгейі,
 - көркемдік стильдің өзіндік ерекшелігі.
22. Облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, Республикалық білім беру үйымдарына (бұдан әрі – РББҰ), «Назарбаев Зияткерлік мектебі» дербес білім беру үйымы (бұдан әрі – «НЗМ» ДББҰ), «Бебек» Ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру

орталығы (бұдан әрі – «Бебек» ҰҒПББСО) осы ережелердің 21-тармағында көрсетілген критерийлерге сәйкес ең жақсы жұмыстарды 19-тармақта көрсетілген **әр номинация бойынша 5 жұмыстан ірікте** алып, «Дарын» РЕПО-ға жібереді.

ҰЗДІК КӨРКЕМ ҚОЛӨНЕР КОНКУРСЫ

23. Конкурс 5-6 сынып оқушылары (*11-13 жастағы топ*) арасында өткізіледі.

24. Конкурсқа сәндік-қолданбалы қолөнердің әр түрі бойынша, қайта өндөлетін материалдар мен тұрмыстық қалдықтарды міндettі түрде пайдалану арқылы жасалған жеке жұмыстар қабылданады. Конкурстық жұмыстар ретінде қағаздан, картоннан, пластмассадан, былғарыдан, ағаштан, шыныдан және т.б. материалдардан қолмен жасалған кез келген бұйымдарды санауға болады.

25. Конкурс келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

- 1) тоқыма өндірісі: гобелен, кесте, батик, киіз басу, патчпен жұмыс;
- 2) ағашты, сүйекті, теріні көркем өндеу: көлемді және жалпақ ою, ағашқа сурет салу, қайыңның қабығынан жасалған бұйымдар; құйма (сүйек, металл, ағаш);
- 3) әйнекті көркем өндеу: витраждар;
- 4) металды көркем өндеу: зергерлік бұйымдар, ұсақ мүсіндер, нақыштау, соғу;
- 5) ағаштан, тастан, саздан (қыш саз), сабаннан, тоқыма бұйымдарынан шағын мүсіндер жасау;
- 6) ұлттық ою-өрнек элементтерімен халықтық киім үлгісін жасау;
- 7) қағаздан бұйымдар жасау: оригами, аппликация, квиллинг, папье-маше.

26. Жұмысты орындауға қойылатын талаптар.

- 1) Барлық жұмыс бұйымды жасау процесімен қоса бұйымның толық аяқталған күйінің көрсетілімі бар қысқа бейнебаян түрінде қабылданады. Бейнематериалдың ұзақтығы 3 минуттан аспауы тиіс.
- 2) Бейнебаянда туындының авторы өзінің аты-жөнін, жасын, шығарманың тақырыбын, орындау техникасын, шығарманың мазмұнын түсіндіріп айтуды керек.
- 3) Туындыны жасау процесін көрсететін фотосуреттермен бірге осы Ережелердің 1-қосымшасына сәйкес толтырылған саулнама бейнебаянға қоса берілуі керек.

27. Жұмыстар келесі критерийлерге сай болуы тиіс:

- 1) авторлық түпкі ойыды ашудың толықтығы;
- 2) идеялардың аса ерекшелігі, шығармашылық көзқарас;

3) орындау техникасының деңгейі, жұмысты безендірудің эстетикасы;
4) орындалған жұмыстың сапасы (беріктігі, тұрақтылығы).

28. Облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, РББҰ, «НЗМ» ДББҰ, «Бебек» ҰҒПББСО осы ережелердің 27-тармағында көрсетілген критерийлерге сәйкес ең жақсы жұмыстарды 25-тармақта көрсетілген **әр номинация бойынша 2 жұмыстан ірікте** алып «Дарын» РЕПО-ға жібереді.

Қосымша 1

**«DARYN ECOART» сурет және көркем қолөнер
республикалық экологиялық конкурсын
САУАЛНАМАСЫ**

Қатысушының аты-жөні:	
Туған жылы:	
Облыс, қала, аудан, ауыл:	
Мектеп, сынып:	
Номинацияның атауы:	
Түннедиң атауы:	
Орындау техникасы және қолданылған материалдар:	
Жұмыстың мазмұнына түсініктеме:	
Түннедиң жасау процесін көрсететін 5 дана фотосурет:	
Оқытушының тегі және аты-жөні:	